

Колледж тынысы айлық ақпараттық газеті



Қосымша №7 (7) 6 сәуір 2015 жыл, дүйсенбі

Колледждегі тәрбие жұмысы

07.03.2015 ж.

8 наурыз «Халықаралық әйелдер» күніне белсенді білімгерлер колледждің ұстаздарына Ы.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінде концерттік бағдарлама ұйымдастырды.



21.03.2015 ж.

№1 жалпы білім беру және жалпы гуманитарлық ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен Достық алаңында «Ұлыстың Ұлы күніне» арналған концерттік бағдарлама өтті.



25.03.2015ж.

«Мейірімділік – біздің қалауымыз» атты ашық тәрбие сағатын Бекмурзаева Д.Т 309 топпен өткізді.

Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Медициналық мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға, мамандықтарын дамыта білуге тәрбиелеу. Болашақ мейірбике мамандығын көркем, эстетикалық кейіпте көрсету.

28.03.2015 ж.

Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы 2015 жылдың 28 наурызында Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық дәстүрімізді ұлықтау - өткенімізді ұмытпау» атты іс-шара өткізді. Колледж білімгерлері «Тұсау кесер» дәстүрін көрсетіп, алғыс хатпен марапатталды. Колледж қоржынына белсенді білімгерлер «Арқан тарту» дәстүр ойынынан 1 орынды иеленіп, 2 планшет, 2 ұялы телефон жеңіп алды.

